## Ң ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

### ЖАСТАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ: БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС

**Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, География және Табиғатты пайдалану факультеті – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл аясында Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының 10 жылдығына арналған «XXI ғасырдың жаһандық сын қатерлері және қоршаған орта» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.**

Конференцияға тікелей және сырттай 500-ден астам адам қатысты, олардың қатарында қазақстандық және Италия, Португалия, Ұлыбритания, Испания, Қытай, Ресей, Әзірбайжан, Украина, Өзбекстан, Литва, Қырғызстан сияқты алыс-жақын шетелдерден ғалымдары қатысты. Сондай-ақ, ЮНЕСКО кафедралары мен департаменттерінің, Алматы қаласы бойынша экология департаментінің өкілдері болды. Аталмыш конференцияға орай, 4 бөлімнен тұратын мақалаардың материалдар жинағы шығарылды, Онда 11 елдің және 102 ұйым авторларының 268 баяндамалары мен мақалалары жарияланды.

өткізілді: 1. Табиғи және антропогендік жер үсті, Аква ландшафттарының қазіргі мәселелері; 2. Табиғатты тұрақты пайдалану және «жасыл» технологиялар; 3. Техносфералық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау; 4. Тұрақты даму үшін университеттік білім беру, сондай-ақ «Жастар және экология: болашаққа көзқарас» тақырыбында студенттерге арналған «Дөңгелек үстел» түрінде өтті.

Конференцияға қатысушылар – өңірлер деңгейінде ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жаппай қысқаруы жер үсті, топырақ және су экожүйелерінің биологиялық әртүрлілігін бағалауға бағытталған табиғи ресурстарды тиімді басқару мақсатында басқарушылық шешімдер

# XXI ғасырдың жаһандық сын қатерлері және қоршаған орта




Конференцияның мақсаты – тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін Қазақстанның және де басқа да аймақтардың кең ауқымды қоғамдық мәселелер – экология, тіршілік қауіпсіздігі, басқару органдары, ғылым, білім беру, бизнес сондай-ақ, жердің экожүйесін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға шақыру, су ресурстарының жетіспеушілігі, климаттың өзгеруі мен шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процестерін тоқтату және қайта қалпына келтіру мәселелері сияқты кең ауқымды биологиялық тозу процесін тоқтатуға назар аудару болды.

Конференцияның маңызды міндеті – 2015 жылы БҰҰ бекіткен тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізудің мүмкіндіктері мен перспективаларын іс жүзінде оңтайлы шешу жолдарын анықтау үшін, Тұрақты даму саласындағы өзекті проблемаларды анықтау және жетістіктерді талқылау болды. Өйткені, бүгінгі күні бұл аталған – экология, экономика, білім беру саласы ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Конференцияға қатысушылардың жартысынан көбі өз аймақтарындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және бастамалардың тұрақты дамуына белсенді ықпал ететін өкілдері болды. Қатысушылар қоғам үшін өзекті – тұрақты даму мәселелерін талқылап, жақын және алыс шетелдердегі әріптестерінің тәжірибесімен танысты.

Конференция жұмысы пленарлық отырыс және 4 секция түрінде

қабылдау кезінде қажетті және толық ақпараттың айтарлықтай шектелуіне немесе тіпті толық болмауына әкелгенін атап өтті.

Конференция баяндамаларының едәуір бөлігі экологиялық және табиғатты қорғау проблемаларына, экологиялық залалдың алдын алуға, оның ішінде өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға бағытталған.

**ЖУМАНОВА Г.С.,**
**ЗУБОВА О.А.**

## БАРЫС ЖЫЛЫ

*Барыс — қоян жылынан бұрын, сиыр жылынан*

да тышқаннан саналып, есеп қайта ашылады. Бірінші мүшел – 13 жас, содан кейін он екі жылдан қосыла береді.

Ел арасында тараған аңыз-әңгімеге сүйенсек, жылдың басы тышқан

Барыс жылы туғандардың табиғи белгісі – ағаш. Барыс жылғылар өте мықты, қажырлы, шынайы, жомарт болып келеді. Жаман қасиеті: тынымсыз, өз басын ойлап қалған өзімшілдеу